

МКҚК №39 «Достық» балабақшасының Қамқорлық кеңесі
отырысының хаттамасы
№1

Ақтөбе қаласы.

« 08» «09» 2022 жыл

Қатысушылар: Қамқоршылық кеңес мүшелері, 10 топтың ата-аналар комитетінің төрайымдары, әкімшілік, кәсіподақ комитетінің төрағасы және №39 «Достық» бөбекжай балабақшасының педагогтары.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. 2022-2023 оқу жылына Қамқоршылық кеңесінің жылдық жоспарын талқылау және бекіту.

№39 «Достық» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі А. Ж Уркимбаева

2. №39 «Достық» бөбекжай балабақшасының материалдық-техникалық базасын нығайту мәселелері. (2020-2025 жылдарға арналған №39 «Достық» бөбекжай балабақшасының Даму Бағдарламасына сәйкес)

3. . №39 «Достық» бөбекжай балабақшасының аймағын абаттандыру жұмыстарын жоспарлау.

Тыңдалды.

Бірінші сұрақ бойынша:

№39 «Достық» балабақшасының меңгерушісі А.Ж.Уркимбаева ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларында» көрсетілген жалпы ереже міндеттерін айта отырып, №39 «Достық» бөбекжай балабақшасында орындалатын Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарымен таныстырды және ұсыныстарын енгізу туралы мәлімдеді. Қамқоршылық кеңесінің мүшелігі 9 адамнан құралатынын, барлығының келісім шарттары бар екендігін айтты. Қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастыру тәртібі, өкілеттілігі туралы айтып таныстырды.

Қамқоршылық кеңестің отырысы барлық мүшелері отырыстың өткізілу уақыты мен орны туралы хабарлар болса және оған мүшелерінің кемінде жалпы санының үштен екісі қатысса заңды болып табылады. Қамқоршылық кеңестің мақсаты - балабақшаның материалдық базасын нығайту, дарынды балаларды қолдау, семинарлар, байқаулар, конференцияға қатысу және аз қамтылған отбасыларынан шыққан дарынды балаларға демеушілік көрсету.

Екінші сұрақ бойынша:

№39 «Достық» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі Қамқоршылық кеңес мүшелеріне балабақшаның материалдық базасының жағдайымен таныстырды.

2020-2025 жылдарға арналға №39 «Достық» бөбекжай балабақшасының Даму Бағдарламасын ескере отырып,

Үшінші сұрақ бойынша: «Асылтас» тобының ата-анасы Нармагамбетова Анар Фазылқызы балабақшада жыл сайын көктем мезгілі мен жаз мезгілі аралығында болатын сенбіліктерге ата-аналар мен балабақша қызметкерлері бірігіп балабақша алаңдарын көгалдандыру, абаттандыру жұмыстарына белсене қатысатыны туралы сонымен қатар қатарбалалардың тәрбие мен оқытуда үйлесімді, жайлы ортада тәрбиеленуіне балабақша әкімшілігінің ұйымдастыруымен жұмыстар жасалынатыны жөнінде мәлімдеді.

Шығып сөйлеушілер: Шанық Ақниет Рүстемқызы. «Балдәурен» тобының ата-аналар комитетінің төрайымы Қамқоршылық кеңесі жөнінде, оның жалпы ережесі, жұмыс мақсаты мен міндеттері жөнінде мәліметтер алдық

Ботнарь Анна Яковлевна балабақшаның материалдық-техникалық базасын көтеру, дарынды балаларды қолдау мақсатында құрылып отырған қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарымен таныстық. Қаралып отырған мәселелердің барлығы өте маңызды.

Қамқоршылық кеңес мүшелері күн тәртібінің барлық сұрақтарын талқылай отырып шешім қабылдады.

ШЕШІМ:

1. Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспары бойынша жұмыстар жүргізілсін.
2. №39 «Достық» бөбекжай балабақшашының материалдық-техникалық базаның нығайту қарастырылсын.
3. №39 «Достық» бөбекжай балабақшашының аймағын абаттандыру жұмыстары жыл сайын жалғастырылсын.

Қамқоршылық Кеңес төрағасы

Хатшы

Вишняк С.В

Аманжолова А.С